

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Басқармасының

2005 жылдың 07 қарашасындағы  
№ 144/0 шешімімен

**Б е к і т і л д і**

2005 жылдың 07 қарашасындағы  
шешімімен

**Қолданысқа енгізілді**

## "Қазақстан қор биржасы" АҚ "туған күніне" арналған жыл сайынғы турнирлерді өткізу **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

---

---

Алматы қ.

2005

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

**1. № 1 өзгертулер мен толықтыру:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2006 жылдың 30 қазанындағы № 164/1 шешімімен бекітілді;
- 2006 жылдың 01 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) "туған күніне" (17 қараша) арналған жыл сайынғы турнирлерді өткізу шарттары мен тәртібін анықтайды.

### **1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР**

#### **1 бап. Турнирлер туралы жалпы ережелер**

1. Биржаның туған күніне арналған жыл сайынғы ойын турнирлер Қазақстан Республикасының іскери қауымдастықта Биржаны танымал ету және оның туған күнін дәстүрге айналдыру мақсатында және түрлі қаржылық ұйымдардың өкілдерін, акционерлерін, мүшелерін, Биржаның серіктестерін, листинглік компанияларын, сондай-ақ Биржа шақырған кейбір тұлғалардың бейресми түрде қарым-қатынасын ұйымдастыру мақсатында өткізіледі.
2. Турнирлер:
  - 1) мини-футбол;
  - 2) "Комбинированная пирамида" бильярд;
  - 3) классикалық нарды;
  - 4) преферанс ойындары бойынша өткізіледі.
3. Турнирге қатысуға өтінімдерді, осындай турнирлерді өткізу туралы Биржаның хабарландыруларында байланыс деректемелері берілген, Биржаның қызметкерлері арқылы беріледі.
4. Турнирлерге дайындыққа, оны ұйымдастырып өткізуге шыққан шығындар Биржа есебінен төленеді.

#### **2 бап. Ұйымдастырушы комитет**

1. Турнирлердің дайындығын, ұйымдастырып, өткізілуін, сондай-ақ оның жетекшілігін Ұйымдастырушы комитет жүзеге асырады (бұдан әрі – Ұйымкомитет), оның сандық және тұлғалық құрамын Биржа Басқармасы анықтайды.
2. Турнирлерді табысты өткізу үшін Ұйымкомитет оқыс жағдайларда:
  - 1) осы Ережелерді түсіндіруге;
  - 2) турнирлерді өткізгенде олардың жалпы ережелері мен шарттарын өзгертуге құқылы.
3. Ұйымкомитетінің шешімі жазбаша және ауызша түрде жариялануы мүмкін.
4. Ұйымкомитетінің шешіміне шағымдануға болмайды, Ұйымкомитет өз шешімін қайта қарастыруы мүмкін.
5. Қандай да бір турнирге қатысуға берілген өтінімдер саны осы Ережелерде көрсетілгеннен асып түссе, Ұйым комитет, аталмыш өтінімдерді берген немесе Ұйымкомитеттің Биржа атынан шақырған жеке тұлғаларға, Ұйымкомитеттің аталмыш өтінімдерді тіркеу уақытына және/немесе бұл тұлғалардың Биржаның акционерлері, мүшелері мен серіктестеріне жатқызылу дәрежесіне байланысты, басымдық көрсетуге құқылы.

#### **3 бап. Турнирді өткізу уақыты мен орны**

1. Турнирді өткізу уақытын және орнын Ұйымкомитет анықтайды.
2. Ұйымкомитет турнирді өткізу уақыты мен орны туралы оның қатысушыларына турнирді өткізуге кемінде бір күн қалғанда хабарлайды.

**4 бап. Турнир қатысушыларын марапаттау**

1. Қандай да бір ойын түрі бойынша турнир жеңімпазы, сондай-ақ аталмыш турнирдің екінші және үшінші орындарын иеленген қатысушылар (командалар), Биржа Президентінің келісімі бойынша Ұйымкомитетінің анықтаған, тәсілдерімен марапатталуы тиіс.
2. Мини-футбол бойынша турнирді өткізу кезінде Ұйымкомитеттің пікірінше үздік деп танылған ойыншылар, Биржа Президентінің келісімі бойынша Ұйымкомитеттің анықтаған, сыйлықтармен марапатталуы тиіс.

**2 бөлім. МИНИ-ФУТБОЛ БОЙЫНША ТУРНИР**

**5 бап. Турнир қатысушылары**

1. Турнир командалық жарыс болып табылады.  
Турнирге, Биржа және "Орталық бағалы қағаздар депозитарий" АҚ бірлескен командасымен қоса, 6-8 команда қатысады, бұл ретте Ұйымкомитеті турнирге қатысу үшін жеке командаларды шақыруға құқылы.
2. Командалар турнирге қатысу өтінімдерін турнирдің басталуына үш күн қалғанда Ұйымкомитетке ұсыну керек.

**6 бап. Ойыншылар**

1. Әрбір команданың саны оннан аспайтын ойыншысы болуы тиіс – 5-уі негізгі құрамның ойыншылары (4 алаң ойыншысы және бір қақпашы).
2. Команда, өзі қатысатын жарыстың басталуына дейін Ұйымкомитетке ұсынылатын өтінім парағында ойыншылардың аты-жөнін, бар болған жағдайда, тегін, сондай-ақ жұмыс орындарын көрсетеді.  
Ұйымкомитет, жұмыс орындары командасының құрамына кіру үшін сәйкес келмейтін, аталмыш команда ойыншыларын жарысқа жібермеуге құқылы.
3. Жарыс барысында ойыншыларды ауыстыру саны шектелмейді.

**7 бап. Турнирді өткізудің жалпы ережелері**

Шешілу тәртібі осы Ережелерде анықталмаған, турнирді өткізуге қатысты барлық мәселелер Еуропалық футбол ассоциациясы одағының (UEFA) Интернет желісінің <http://www.uefa.com/newsfiles/19067.pdf> мекен-жайы бойынша жарияланған ережелеріне сәйкес реттелуі тиіс.

**8 бап. Турнирді өткізу шарттары**

1. Турнир 2 кезеңде өтеді.
2. Екі кезеңде де матч, таймдар арасындағы 5 минуттық үзілісі бар "таза" уақыттың 20 минутынан құралған, екі таймнан тұрады.  
Бір таймның арасында әрбір команда бір минуттық тайм-аут алуға құқылы, ол үшін осы команданың капитаны төрешіге жүгінуі тиіс.  
Ойынның тоқтатылуына әкеліп соқтырған, болжанбаған жағдайлар туындаған кезде төреші аталмыш таймның уақыт есебін уақытша тоқтатуға құқылы.
3. Турнирдің бірінші кезеңін өткізу мақсатында командалар әрбір топта 3-4 команда болып 2 топқа ("А" және "В") бөлінеді.  
Ұйымкомитет командаларды топқа бөлуді, бір топтағы команда күшінің екінші топтағы команда күшіне шамамен тең келуі принципін сақтай отырып, жүзеге асырады.

4. Турнирдің бірінші кезеңінде:
  - 1) әрбір топ "шеңбер" жүйесі бойынша (осы топтың әрбір командасымен) ойнайды;
  - 2) командаға матчтағы жеңісі үшін 3 ұпай, тең ойын үшін бір ұпай беріледі; жеңілгені үшін командаға ұпай берілмейді.
5. Командалар жинаған ұпай саны бойынша ең жоғарғы ұпай санынан бастап, турнирдің бірінші кезеңінің қорытындылары бойынша командалар (осы баптың 5 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып), тізімдері (әрбір топ бойынша жеке-жеке) белгіленіп, өз топтарында бірінші және екінші орынға ие болған, жартылай финалға қатысатын командалар анықталады.
6. Турнирдің бірінші кезеңінде екі команданың жинаған ұпайлары тең түскен жағдайда, аталмыш командалар арасында өткен матчты жеңіп алған команда; олардың арасындағы матч нәтижесі тең түссе – соғылған және жіберіп алынған доп саны арасындағы үздік айырмашылыққа ие болған команда; аталмыш командалардың соғылған және жіберіп алынған доп саны арасындағы бірдей айырмашылық болғанда – ең көп доп соққан команда; аталмыш командалардың соғылған доптар саны тең түскенде – осы тармақтың екінші абзацына сәйкес аталмыш командалар арасында пенальти сериясында жеңіске жеткен команда тізімде жоғарғы орынды иеленеді.

Пенальтиді әрбір командадан бес ойыншы қақпаға дейін алты метр қашықтықта соғады. Командадағы барлық ойыншыларға пенальтиді соғу, тек бір реттен ғана, құқығы берілген. Ойыншылары ең көп доп соққан команда пенальти сериясының жеңімпазы болады. Нәтиже тең түскенде пенальти сериясы ұзартылады; пенальтиді әрбір командадан, бұл пенальти сериясына қатыспаған, ойыншылар қосымша кезекпен бірінші соғылмаған пенальтиге дейін соғады, пенальти сериясында, ойыншысы соғылмаған пенальтидің алында доп соққан, команда жеңімпаз атанады.
7. Турнирдің екінші кезеңінде:
  - 1) өз топтарында бірінші орынға ие болған командалар мен өз топтарында екінші орынға ие болған командалар арасында жартылай финалдық матчтар өткізіледі;
  - 2) жартылай финалда жеңіске жеткен командалар арасында ақтық матч өткізіледі;
  - 3) жартылай финалда жеңілген командалар өзара үшінші орын үшін кездесу өткізеді;
  - 4) жартылай финалда немесе ақтық матчта командалардың соққан доптар саны тең түскенде, осы баптың 5 тармағының екінші абзацында белгіленген шарттарға ұқсас шарттар бойынша аталмыш командалар арасында пенальти сериясында жеңген команда жеңімпаз атанады.
8. Үшінші орын үшін өткен ойында жеңген команда турнирде үшінші орынды иеленеді.

Ақтық матчта жеңілген команда екінші, ал жеңген команда турнирдің бірінші орнын (турнирдің жеңімпазы атанады) иеленеді.
9. Матчтағы төрешілікті Ұйымкомитет бекіткен судьялар жүзеге асырады.

### 3 тарау. "КОМБИНИРОВАННАЯ ПИРАМИДА" БИЛЬЯРДЫ БОЙЫНША ТУРНИР

#### 9 бап. Турнир қатысушылары

1. Турнир жеке жарыс болып табылады.
2. Турнир қатысушыларының жалпы саны 64 адамнан аспауы тиіс, бұл ретте 12 адамды Ұйымкомитет дербес түрде анықтайды, ал турнирдің қалған қатысушыларын Ұйымкомитет турнирге қатысу өтінімдеріне қарай анықтайды.  

Турнирге қатысу өтінімдерінің саны алпыс төрттен кем болған жағдайда, турнир нақты жиналған қатысушылар санымен өткізіледі. Бұл ретте Ұйымкомитет турнир қатысушыларына алдын ала хабарлап, турнир шарттарын өзгертуге құқықылы.
3. Ұйымкомитет турнирге қатысу өтінімдерін тіркеуді оны өткізуге бір күн қалғанда аяқтайды.
4. Турнирге қатысуға берілетін өтінімде мынадай мәліметтер:
  - 1) турнирге қатысуға үміткердің (бұдан ары осы тармақта - үміткер) аты-жөні, бар болған жағдайда тегі;
  - 2) үміткердің жұмыс орны;
  - 3) үміткердің бағалауы бойынша өзінің шеберлік деңгейі (бесбалдық жүйе бойынша ең жоғарғы балы 5 бал);
  - 4) үміткердің электронды поштасының мекен-жайы;
  - 5) үміткердің байланыс нөмірі болуы тиіс.

#### 10 бап. Турнирді өткізудің жалпы ережелері

Шешілу тәртібі осы Ережелерде анықталмаған, турнирді өткізуге қатысты барлық мәселелер Ресейдің Бильярд спорты федерациясының 2004 жылдың 10 желтоқсанында белгіленген және <http://www.billiard-info.ru> ("ережелер" бөлімі – "Жалпы ережелер" және "Пирамида комбинированная" бөлімшелері) Интернеттегі мекен-жайы бойынша жарияланған орыс бильярд бойынша Ережелерге сәйкес реттелуі тиіс.

#### 11 бап. Турнирді өткізу шарттары

1. Турнир 8 кезеңде 2 күн өтеді.
2. Турнирдің кез келген кезеңінде ойыншылардың әрбір жұбы, олардың бірі 2 партияны жеңіп алғанға дейін, өзара 2 немесе 3 партия ойнайды (осы баптың 4 тармағының екінші абзацында белгіленген айрықшалықты қоспағанда).
3. Турнирдің бірінші кезеңін өткізу мақсатында Ұйымкомитет қатысушыларды әрбір топта 4-8 адамнан болатын 8 топқа ("А", "В", "С", "D", "Е", "F", "G", "H") мынадай принциптерге қарай бөледі:
  - 1) өз шеберлігін максималды деңгейде бағалаған турнир қатысушыларын, сондай-ақ Ұйымкомитет шеберлігі жоғары деңгейде деп тапқан турнир қатысушыларын, бір топта мұндай турнир қатысушыларының саны аз болғандай етіп, Ұйымкомитет бөледі;
  - 2) турнирдің қалған қатысушыларын Ұйымкомитет жеребе салу арқылы кездейсоқ тәсілмен топ-топқа бөледі.
4. Турнирдің бірінші кезеңінде оның әрбір ойыншысы "шеңберлік" жүйе бойынша (турнирдің әрбір қатысушысымен – сол топтың мүшесімен) ойнайды.

Егер қандай да бір топта турнирдің төрттен астам мүшесі ойнаса, Ұйымкомитет бұл топта ойыншылардың әрбір жұбы "қысқартылған" нұсқа бойынша – бір партияға дейін (бір реттік жеңіске дейін) ойнайды деп шешуге құқылы.

5. Жеңіс саны бойынша, ең жоғарғы жеңіс санынан бастап, турнирдің бірінші кезеңі партиясының қорытындылары бойынша турнир қатысушыларының (осы баптың 6 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) тізімдері белгіленіп, өз топтарында бірінші және екінші орынға ие болған, турнирдің екінші кезеңіне шығатын турнир қатысушылары анықталады.

Бұдан әрі осы бапта турнир қатысушылары топ белгісі және иеленген орын нөмірі бойынша белгіленеді (мысалы, "A1" – "A" тобында бірінші орынды иеленген турнир қатысушысының белгісі, "B2" - "B" тобында екінші орынды иеленген турнир қатысушысының белгісі).

6. Қандай да бір топта екі турнир қатысушысының жеңісі бірдей болған жағдайда, аталмыш турнир қатысушылары арасындағы партияларда жеңіске жеткен турнир қатысушысы тізімде жоғарғы орынды иеленеді.

Қандай да бір топтағы үш және одан да көп турнир қатысушысы жинаған жеңіс саны бірдей болған жағдайда, аталмыш турнир қатысушылары арасында жеңген және жеңілген партиялары саны арасында үздік ерекшелікке ие турнир қатысушысы; аталмыш турнир қатысушыларында бұл көрсеткіш бірдей болғанда – аталмыш турнир қатысушылары арасындағы партияларда "соғылған" және "жіберіп алған" шарлар саны арасындағы ең үздік айырмашылыққа ие турнир қатысушысы; жоғарыда аталған критерийлерге қарай даулы жағдайларды шешу мүмкін болмаған жағдайда – аталмыш турнир қатысушылары арасында қосымша партияны жеңіп алған турнир қатысушысы тізімде жоғарғы орынды иеленеді;

7. Турнирдің екінші кезеңінде өз тобында бірінші орынды иеленген қатысушылар өз тобында екінші орынды иеленген турнир қатысушыларымен A1–H2, B1–G2, C1–F2, D1–E2, E1–A2, F1–B2, G1–C2, H1–D2 сызбанұсқасы бойынша ойнайды.
8. Турнирдің екінші кезеңінің нәтижелері бойынша турнир қатысушыларының "жоғарғы" и "төменгі" кестесі (бұдан әрі – жоғарғы кесте және төменгі кесте) қалыптастырылады. Жоғарғы кестеге турнирдің екінші кезеңінде өз партияларын жеңген, ал төменгісіне жеңілген турнир қатысушылары кіреді.
9. Турнирдің үшінші-алтыншы кезеңі "олимпиадалық" жүйе (жеңілген турнир қатысушысының "шығуына") бойынша өтеді, бұл ретте жоғарғы кестеде ойнап, өз партияларында жеңіліс тапқан турнир қатысушылары төменгі кестеге ауыстырылады, ал төменгі кестеде ойнап, өз партияларында жеңіліс тапқан турнир қатысушылары турнирден шығарылады.
10. Турнирдің үшінші кезеңінде тек өз кестелерінде турнир қатысушыларының 8 жұбы мынадай сызба бойынша ойнайды:

1) жоғарғы кестеде:

(A1–H2)<sup>1</sup> – (B1–G2) (III-1 жұп);

(C1–F2) – (D1–E2) (III-2 жұп);

(E1–A2) – (F1–B2) (III-3 жұп);

(G1–C2) – (H1–D2) (III-4 жұп);

---

<sup>1</sup> Аталмыш тармақшада турнир қатысушыларының жұбындағы жеңімпаз жақшада берілген.

- 2) төменгі кестеде:  
(A1–H2)<sup>2</sup> – (B1–G2) (III-5 жұп);  
(C1–F2) – (D1–E2) (III-6 жұп);  
(E1–A2) – (F1–B2) (пIII-7 жұп);  
(G1–C2) – (H1–D2) (III-8 жұп).
11. Турнирдің төртінші кезеңінде:
- 1) турнирдің үшінші кезеңінен кейін жоғарғы кестеде қалған турнирдің 4 қатысушысы өзара мынадай сызба бойынша ойнайды:  
III-1 жұбындағы жеңімпаз III-2 жұбындағы жеңімпазбен ойнайды (IV-1 жұп);  
III-3 жұбындағы жеңімпаз III-4 жұбындағы жеңімпазбен ойнайды (IV-2 жұп);
- 2) Турнирдің үшінші кезеңінде төменгі кестеде ойнаған және өз партияларын жеңіп алған турнирдің 4 қатысушысы турнирдің үшінші кезеңінде, жоғарғы кестеде ойнаған және өз партияларында жеңілген, турнирдің төрт қатысушысымен мынадай сызба бойынша ойнайды:  
III-5 жұбындағы жеңімпаз III-2 жұбындағы жеңілгенмен (IV-3 жұп);  
III-6 жұбындағы жеңімпаз III-1 жұбындағы жеңілгенмен (IV-4 жұп);  
III-7 жұбындағы жеңімпаз III-4 жұбындағы жеңілгенмен (IV-5 жұп);  
III-8 жұбындағы жеңімпаз III-3 жұбындағы жеңілгенмен (IV-6 жұп).
12. Турнирдің бесінші кезеңінде:
- 1) жоғарғы кестеде ойнаған және өз партиясын жеңіп алған турнир қатысушысы турнирдің финалына (сегізінші кезең) шығады;
- 2) турнирдің төртінші кезеңінде төменгі кестеде ойнаған және өз партияларын жеңіп алған турнирдің 4 қатысушысы өзара мынадай сызба бойынша ойнайды:  
IV-3 жұбындағы жеңімпаз IV-4 жұбындағы жеңімпазбен (V-1);  
IV-5 жұбындағы жеңімпаз IV-6 жұбындағы жеңімпазбен (V-2).
- 3) турнирдің төртінші кезеңінде жоғарғы кестеде ойнаған және өз партияларында жеңілген турнирдің 2 қатысушысы (турнирдің төртінші кезеңінен кейін төменгі кестеге ауысқан) өзара мынадай сызба бойынша ойнайды:  
IV-1 жұбындағы жеңілген IV-2 жұбындағы жеңілгенмен (V-2);
13. Турнирдің алтыншы және жетінші кезеңдері тек төменгі кестеде өтеді.
14. Турнирдің бесінші кезеңінде төменгі кестеде ойнаған және өз партияларын жеңіп алған турнирдің 3 қатысушысы, сондай-ақ турнирдің бесінші кезеңінде жоғарғы кестеде ойнаған және өз партияларында жеңілген турнирдің қатысушысы (турнирдің бесінші кезеңінен кейін төменгі кестеге "шығып кеткен") алтыншы кезеңде өзара мынадай кесте бойынша ойнайды:  
турнирдің аталған қатысушыларының соңғысы жеңімпазбен V-1 жұбында ойнайды;  
V-2 жұбындағы жеңімпаз V-3 жұбындағы жеңімпазбен ойнайды.

---

<sup>2</sup> Аталмыш тармақшада турнир қатысушыларының жұбындағы жеңілген қатысушы жақшада берілген.



15. Жартылай финалдағы партиялардағы турнирдің жетінші кезеңінде турнирдің алтыншы кезеңінде өз партияларын жеңіп алған турнир қатысушыларының жұбы ойнайды. Бұл жұпта жеңілген қатысушы турнирде үшінші орынға ие болады, ал жеңген қатысушы турнирдің финалына (сегізінші кезеңіне) шығады.
16. Финалдық партиялардағы турнирдің сегізінші кезеңінде турнирдің бесінші және сегізінші кезеңдерінің нәтижелері бойынша финалға шыққан турнир қатысушыларының жұбы ойнайды.  
Финалдық партияларда жеңілген турнир қатысушысы екінші, ал жеңген қатысушы турнирдің бірінші (турнирдің жеңімпазы атанады) орнын иеленеді.
17. Турнирдің бірінші-екінші кезеңдері турнирдің бірінші, ал қалғандары екінші күні өткізіледі.
18. Турнир қатысушысының қарсыласымен өтетін кездесуіне, оны өткізудің Ұйымкомитет жариялаған уақытынан кейін, 15 минут аралығында келмеген жағдайда, аталмыш қатысушы жеңілді деп есептеледі және турнирге әрі қарай қатысудан шығарылады.
19. Жарты финалдық және финалдық партияларды қоспағанда, турнирдегі төрешілікті қатысушылардың өздері дербес түрде атқарады. Жарты финалдық және финалдық партиялардың төрешілігін Ұйымкомитет бекіткен судьялар жүзеге асырады.

#### **4 тарау. КЛАССИКАЛЫҚ НАРДА БОЙЫНША ТУРНИР**

##### **12 бап.**

##### **Турнир қатысушылары**

1. Турнир жеке жарыс болып табылады.
2. Турнир қатысушыларының жалпы саны 24 адамнан аспауы тиіс, бұл ретте 8 адамды Ұйымкомитет дербес түрде анықтайды, ал турнирдің қалған қатысушыларын Ұйымкомитет турнирге қатысу өтінімдеріне қарай анықтайды.  
Турнирге қатысу өтінімдерінің саны жиырма төрттен аз болған жағдайда, турнир нақты жиналған қатысушылармен өткізіледі. Бұл ретте Ұйымкомитет турнир қатысушыларына алын ала хабарлап, турнир шарттарын өзгертуге құқықылы.
3. Ұйымкомитет турнирге қатысу өтінімдерін тіркеуді оны өткізуге бір күн қалғанда аяқтайды.
4. Турнирге қатысуға берілетін өтінімде мынадай мәліметтер:
  - 1) турнирге қатысуға үміткердің (бұдан ары осы тармақта - үміткер) аты-жөні, бар болған жағдайда тегі;
  - 2) үміткердің жұмыс орны;
  - 3) үміткердің электронды поштасының мекен-жайы;
  - 4) үміткердің байланыс нөмірі болуы тиіс.

##### **13 бап.**

##### **Турнирді өткізудің жалпы ережелері**

1. Биржа нарды ойнауға арналған жиынтықтарды ұсынады. Турнир қатысушыларына нарды ойнауға арналған жиынтықтарды өздерімен әкелуге тыйым салынады.
2. Партия басталғанға дейін турнирдің кез келген қатысушысы ойын текшелерін лақтырып көруге және олардың ауыстырылуын талап етуге құқылы. Сондай-ақ, турнирдің өзара ойнайтын қатысушылары (осы тарауда

ары қарай - ойыншылар) партия аяқталғаннан кейін ойын текшелерін өзара келісім бойынша ауыстыруға құқылы, алайда мұндай ауыстыруды партия барысында жүзеге асыруға болмайды.

3. Ойын әрбір ойыншының он бес фишкасымен классикалық ("ұзын") нарды ойының ережелері бойынша жүзеге асады. Партия басталғанда әрбір ойыншы фишкасының "бас жағы" ойын тақтайшасының оң жақтағы алшақ бұрышта осы ойыншыға қарай тізіледі. Ойын барысы сағат тіліне қарсы бағытта жүреді. Ойыншының "ұясы" ойын тақтайшасының оң жақтағы таяу бұрышта осы ойыншыға қарай орналасқан.
4. Ойын текшелері ойын тақтайшасының кез келген жағына шағын ыдыстан немесе, екі ойыншының келісімімен, қолмен лақтырылады. Ойын текшелері мынадай жағдайда қайта лақтырылады:
  - 1) ойын текшелері ойын тақтайшасының әртүрлі жақтарына ұшқанда;
  - 2) екі ойын текшесінің бірінің ойын тақтайшасынан асып түскенде;
  - 3) бір немесе екі ойын текшесінің ойын тақтайшасының шекараларына түскенде;
  - 4) ойын текшелері бір-біріне жанасып түскенде;
  - 5) бір немесе екі ойын текшесінің ойын тақтайшасының жазықтығына параллельді түспеуі;
  - 6) бір немесе екі ойын текшесінің ойыншыны жанап өтуі.
5. Әрбір партияда бірінші болып бастау құқығы оның басында ойыншылардың бір-бір ойын текшесін бір уақытта лақтыруы арқылы анықталады. Ойын текшесінде ең көп мәні түскен ойыншы ойынды бірінші болып бастайды. Мұндай мәндер тең түскен жағдайда, бірінші болып ойынды бастау құқығына ие болған ойыншы анықталғанға дейін ойыншылар текшелерді қайталама лақтырып отырады.
6. Ойыншының бірінші жүрісінде әрбір ойын текшесінде бірдей мән түскен жағдайда, ол "бас жақтан" екі фишканы алуға құқылы.
7. "Ұясынан" бірінші болып өз фишкаларын лақтырған ойыншы партия жеңімпазы болып саналады. Көдуілгі жеңіс үшін бір ұпай, "марспен" жасалған жеңіс үшін (екінші ойыншы өз "ұясынан" бірде-бір фишканы лақтыра алмағанда) 2 ұпай есептеледі.

#### 14 бап.

#### Турнирді өткізу шарттары

1. Турнир 4 кезең бойынша бір күнде өтеді.
2. Турнирдің кез келген кезеңінде ойыншылардың әрбір жұбы, олардың біреуі үш ұпайға қол жеткізгенге дейін, өзара 3 партияны, мынадай жағдайды қоспағанда, ойнайды:
  - 1) ойыншылардың бірінің алғашқы екі партия нәтижелері бойынша үш ұпай жинауы; мұндай жағдайда ол 3 партияны мерзімінен бұрын жеңіп алды деп есептеледі, ал үшінші партия ойналмайды;
  - 2) үш партияның нәтижелері бойынша ойыншылар жинаған ұпайлардың тең болуы; мұндай жағдайда аталмыш турнир қатысушылары арасында төртінші партия ойналады, оның қорытындысы бойынша жеңімпаз ойыншы анықталады.
3. Турнирдің бірінші кезеңін өткізу мақсатында Ұйымкомитет қатысушыларды әрбір топта 4-8 адамнан құралатын 4 топқа ("А", "В", "С", "D") мынадай принциптерге қарай бөледі:

- 1) Ұйымкомитет шеберлігі жоғары деңгейде деп тапқан турнир қатысушыларын, бір топта мұндай турнир қатысушыларының саны аз болғандай етіп, Ұйымкомитет бөледі;
- 2) турнирдің қалған қатысушыларын Ұйымкомитет жеребе салу арқылы кездейсоқ тәсілмен топ-топқа бөледі.
4. Турнирдің бірінші кезеңінде оның әрбір ойыншысы "шеңберлік" жүйе бойынша (турнирдің әрбір қатысушысымен – сол топтың мүшесімен) ойнайды.  
Егер қандай да бір топта турнирдің төрттен астам мүшесі ойнаса, Ұйымкомитет бұл топта ойыншылардың әрбір жұбы "қысқартылған" нұсқа бойынша – бір партияға дейін (бір реттік жеңіске дейін) ойнайды деп шешуге құқылы.
5. Жеңіс саны бойынша ең жоғарғы жеңіс санынан бастап, турнирдің бірінші кезеңі партиясының қорытындылары бойынша турнир қатысушыларының (осы баптың 6 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) тізімдері анықталады, өз топтарында бірінші және екінші орынға ие болған, турнирдің екінші кезеңіне шығатын турнир қатысушылары анықталады.  
Бұдан әрі осы бапта турнир қатысушылары топ белгісі және иеленген орын нөмірі бойынша белгіленеді (мысалы, "А1" – "А" тобында бірінші орынды иеленген турнир қатысушысының белгісі, "В2" - "В" тобында екінші орынды иеленген турнир қатысушысының белгісі).
6. Қандай да бір топта екі турнир қатысушысының жеңісі бірдей болған жағдайда, аталмыш турнир қатысушылары арасындағы партияларда жеңіске жеткен турнир қатысушысы тізімде жоғарғы орынды иеленеді.  
Қандай да бір топтағы үш және одан да көп турнир қатысушысы жинаған жеңіс саны бірдей болған жағдайда, аталмыш турнир қатысушылары арасындағы партияларда ең көп ұпай санын жинаған турнир қатысушысы; аталмыш турнир қатысушыларында бұл көрсеткіш бірдей болғанда –"жеңіп алған" және "жіберіп алған" фишкалар саны арасындағы ең үздік айырмашылыққа ие турнир қатысушысы; жоғарыда аталған критерийлерге қарай даулы жағдайларды шешу мүмкін болмаған жағдайда – аталмыш турнир қатысушылары арасында қосымша партияны жеңіп алған турнир қатысушысы тізімде жоғарғы орынды иеленеді;
7. Турнирдің екінші-үшінші кезеңі "олимпиядалық" жүйе (жеңілген турнир қатысушысының "шығып кетуіне") бойынша өтеді.
8. Турнирдің екінші кезеңінде өз тобында бірінші орынды иеленген қатысушылар өз тобында екінші орынды иеленген турнир қатысушыларымен А1–В2, В1–А2, С1–D2, D1– С2 сызбанұсқасы бойынша ойнайды.
9. Турнирдің үшінші кезеңінде жартылай финалдық партияларда турнир қатысушыларының 2 жұбы (А1–В2) – (С1–D2), (В1–А2) – (D1– С2)<sup>3</sup> сызбанұсқасы бойынша ойнайды.
10. Турнирдің төртінші кезеңінде:
  - 1) жартылай финалдық партиялар жеңімпаздары арасында турнир жеңімпазы атағына ақтық партиялар ойналады;
  - 2) жартылай финалдық партияларда жеңілген турнир қатысушылары үшінші орын үшін өзара кездеседі.
11. Үшінші орын үшін партияны жеңіп алған турнир қатысушысы турнирде үшінші орынды иеленеді.

---

<sup>3</sup> Аталмыш тармақта турнир қатысушыларының жұбындағы жеңген қатысушы жақшада берілген.

Ақтық партияда жеңілген турнир қатысушысы екінші, ал жеңген қатысушы бірінші (турнир жеңімпазы атанады) орынды иеленеді.

12. Турнир қатысушысының қарсыласымен өтетін кездесуіне, оны өткізудің Ұйымкомитет жариялаған уақытынан кейін, 15 минут аралығында келмеген жағдайда, аталмыш қатысушы жеңілді деп есептеледі және турнирге әрі қарай қатысудан шығарылады.
13. Турнирдегі төрешілікті қатысушылардың өздері дербес түрде жүзеге асырады.

## 5 тарау. ПРЕФЕРАНС БОЙЫНША ТУРНИР

### 15 бап. Турнир қатысушылары

1. Турнир жеке жарыс болып табылады.
2. Турнир қатысушыларының жалпы саны 64 адамнан аспауы тиіс, бұл ретте 15 адамды Ұйымкомитет дербес түрде анықтайды, ал турнирдің қалған қатысушыларын Ұйымкомитет турнирге қатысу өтінімдеріне қарай анықтайды.  

Турнирге қатысу өтінімдерінің саны алпыс төрттен аз болған жағдайда, турнир нақты жиналған қатысушылар санымен өткізіледі. Бұл ретте Ұйымкомитет турнир қатысушыларына алын ала хабарлап, турнир шарттарын өзгертуге құқықылы.
3. Ұйымкомитет турнирге қатысу өтінімдерін тіркеуді оны өткізуге бір күн қалғанда аяқтайды.
4. Турнирге қатысуға берілетін өтінімде мынадай мәліметтер:
  - 1) турнирге қатысуға үміткердің (бұдан ары осы тармақта - үміткер) аты-жөні, бар болған жағдайда тегі;
  - 2) үміткердің жұмыс орны;
  - 3) үміткердің электронды поштасының мекен-жайы;
  - 4) үміткердің байланыс нөмірі болуы тиіс.

### 16 бап. Турнирді өткізудің жалпы ережелері

1. Қарт колодасын және преферанс ойнына арналған жазуға арналған жабдықтарды Биржа ұсынады. Ойын қатысушыларына қарт колодасын өзімен бірге алып келуге тыйым салынады.
2. Ұйымкомитет әрбір партияға сыртындағы суреті әртүрлі, ашылмаған 2 жаңа қарт колодасын береді.  

Партия аяқталғаннан кейін Ұйымкомитет қолданылған қарттарды алып, олардың санын тексереді.
3. Бір партияда турнирдің үш-төрт қатысушысы ойнайды; турнирге қатысуға келген қатысушылардың нақты саны төртке бөлінбеген жағдайда, сондай-ақ аталмыш Ережелердің осы бабының 4 тармағында және 17 бабы 7 тармағындағы бесінші абзацында белгіленген жағдайда партияда үш қатысушы ойнайды.
4. Турнир қатысушысының айналымға кешігіп келуге рұқсат етілген уақыт мерзімі – 10 минут. Бұл уақыт аяқталғаннан кейін кешігіп келген қатысушы айналымға жіберілмейді.  

Турнир қатысушысы, төрешіге алдын ала хабалап, турды жіберіп алуға немесе турнирге әрі қарай қатысудан бас тартуға құқылы.

Бұдан әрі бір партияны ойнайтын турнир қатысушылары "ойыншылар", ал олардың әрқайсысы жеке-жеке "ойыншы" деп аталады.

5. Ойын үстелінде қартты тарату мынадай тәсілмен жүзеге асырылады:
  - 1) турнир төрешісінің (төрешілерінің) немесе Ұйымкомитет өкілінің (өкілдерінің) ойыншыларды санау тәртібіне сәйкес бірінші болып қартты соңғы ойыншы таратады;
  - 2) қартты алғаш тарату үшін оларды таратушы ойыншы араластырады, оның оң жақтағы көршісі қартты жылжытады және таратушы ойыншы таратады;
  - 3) таратудың алғашқы және соңғы айналымында қосымша қарттар берілмейді;
  - 4) таратушы ойыншының ортадағы қарттарды көруіне тыйым салынады;
  - 5) қартты тарату кезінде таратушы ойыншыға қарама-қарсы отырған ойыншы келесі таратылымға арналған қарттың екінші колодасын бір уақытта араластырады;
  - 6) қарттардың екінші колодасын араластырғаннан кейін таратушы ойыншыға қарама-қарсы отырған ойыншы оны өзінен оң жаққа, өзінің оң жақтағы көршісі және, осы уақытта басқа колодадан қартты таратып жатқан және тарату аяқталғаннан кейін қарттың екінші колодасын жылжытатын, қарама-қарсы отырған ойыншы арасына қояды; қарттың келесі таратылымын кезекті таратушы ойыншы оларды араластырмай жүзеге асырады;
  - 7) ойынның ойналуына немесе ойналмауына қарамастан, қартты тарату кезегінің ауыстырылуы жүзеге асырылады; мысалы, қарттың қайталама таратылуы ойналмаған мизерден кейін жүзеге асырылмайды;
  - 8) қартты тарату кезінде таратушы ойыншының жіберген техникалық қателіктері айыппұлға әкеліп соқтырмайды<sup>4</sup>; алайда кез келген ойыншының талабы бойынша қарттар қайта таратылуы тиіс, бұл ретте қарт колодасын араластыруды таратушы ойыншыға қарама-қарсы отырған ойыншы, оны жылжытуды таратушы ойыншының оң жағында отырған ойыншы, ал қайталама таратуды таратушы ойыншы жүзеге асырады.
6. Тарату, сату кезінде және ойын барысында ойыншыларға:
  - 1) ұялы телефондарды және электронды байланыстың басқа да құралдарын пайдалануға;
  - 2) қартты "үстелдің астына", мысалы, қартты ауыстыру мақсатында жасыруға;
  - 3) ойыншылардағы қарттың орналасуын білдіруге мүмкіндік беретін кез келген әрекеттерді немесе кел келген ойыншының ойыншылардағы қарттың орналасуын білдіруге бағытталған деп түсінген кез келген әрекеттерді орындауға;
  - 4) кел келген ойыншының ойынды ұзартуға әкелген деп түсінген кез келген әрекеттерді орындауға немесе кез келген әрекетсіздікті жүзеге асыруға тыйым салынады.
7. Осы баптың 6 тармағы 3) тармақшасында бірқатар, бірақ толық мысалдары емес, көрсетілген тыйым салынған әрекеттер:
  - 1) қартты көрсету;

---

<sup>4</sup> Мысалы, қарттың бұрыс санын тарату, таратушы ойыншының қартты араластыруы және таратушы ойыншының өзге де мүмкін болатын техникалық қателіктері.

- 2) қарттарды сермеу немесе өз қарттарының күшін немесе, керісінше, әлсіздігін көрсету мақсатында қартты арнайы тәсілмен қою;
  - 3) "жабық" ойын барысында ойнап жатқан ойыншыға жүру тәсілін білдіру, соның ішінде егер өзі өзге ойыншылардан сұрамаса, оған сауда барысын еске салу.
8. Осы баптың 7 тармағы 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда ойнаушы ойыншы жүріп жатқан ойыншыдан өзіне қажетті қарт түрімен жүруді талап етуге құқылы.
  9. Партия барысында жанкүйерлердің келуіне рұқсат етіледі, алайда оларға, кез келген ойыншының ойынға араласу деп түсінген, кез келген әрекетті орындауға тыйым салынады.
  10. Ойыншылар мен жанкүйерлер тәртіптің жалпы этикалық нормаларын сақтаулары тиіс, кез келген ойыншының ойынның қалыпты өтуіне кедергі келтіруге бағытталған деп түсінген, мысалы үстел үстінде "жүйкеге" тиетін жағдайды орнату, әрекеттерден бойды аулақ ұстаулары тиіс.
  11. Ойыншы өзі ойнаған немесе ойнамаған ойындарының нәтижелерін дербес түрде жазып отырады; мұндай жазбалардың дұрыстығын бақылауды басқа ойыншылар жүзеге асырады.  
Партия аяқталғаннан кейін сызбадағы висттерді есептеуді (ойыншылардың жеңіп алған және ұтылған вистердің санын анықтауды) ойыншылар дербес түрде жүзеге асырады.
  12. Осы баптың 13 және 14 тармақтарына сәйкес, партия аяқталғаннан кейін ойыншылардың ойын үстелінде орналасқан орындары үшін, сондай-ақ аталмыш партияда олардың жеңіп алған немесе ұтылған вист саны үшін ойыншыларға рейтингтік ұпайлар есептеледі.  
Айналымды жіберіп алған турнир қатысушысына минус 8 ұпай көлемінде рейтингтік ұпай есептеледі.
  13. Партия аяқталғаннан кейін ойыншылардың ойын үстелінде орналасқан орындары үшін есептелетін рейтингтік ұпайлар келесі тәсілмен есептеледі:
    - 1) егер партияда турнирдің төрт ойыншысы ойнаса:  
бірінші орын үшін – 3 ұпай қосылады;  
екінші орын үшін – бір ұпай қосылады;  
үшінші орын үшін – бір ұпай алынады;  
төртінші орын үшін – 3 ұпай алынады;
    - 2) егер партияда турнирдің үш ойыншысы ойнаса:  
бірінші орын үшін – 3 ұпай қосылады;  
екінші орын үшін – ұпай есептелмейді;  
үшінші орын үшін – бір ұпай алынады.
  14. Бір партияда ойыншының жеңіп алған немесе ұтылған вист саны үшін рейтингтік ұпай келесі тәсілмен есептеледі:
    - 1) 0 вист үшін – ұпай есептелмейді;
    - 2) жеңіп алған вистер үшін:  
1-ден 100-ге дейін – бір ұпай қосылады;  
101-ден 300-ге дейін – 2 ұпай қосылады;  
301-ден 600-ге дейін – 3 ұпай қосылады;  
601-ден 1.000-ге дейін – 4 ұпай қосылады;

1.000 астам – 5 ұпай қосылады;

3) ұтылған висттер үшін:

1-ден 100-ге дейін – бір ұпай алынады;

101-ден 300-ге дейін – 2 ұпай алынады;

301-ден 600-ге дейін – 3 ұпай алынады;

601-ден 1.000-ге дейін – 4 ұпай алынады;

1.000 астам – 5 ұпай алынады.

15. Ақтық партияны қоспағанда, партия кезекті айналымының басталуын жариялау сәтінен бастап бір сағат отыз минут уақыт бойынша немесе әрбір ойыншыда 120 вистпен сызбадағы вист саны бойынша (қайсысы бұрын басталатынына қарай) шектеледі.

Уақыттың аталған шегінің аяқталуына ойыншылар сызбада тиісті вист санын жинай алмаса, осы Ереженің 18 бабы 13 тармағына сәйкес сызба мәжбүрлі түрде жабылады.

Әрбір айналым аяқталған сәтте (аталған уақыт шегі аяқталғанда) турнир төрешісі және/немесе Ұйымкомитет өкілі соңғы ойынды жариялайды, бұдан кейін ойыншылар ағымдағы ойынды, соның ішінде қарттар таратылымы аталған ойынның жариялануына дейін басталып үлгерген ойынды, соңына дейін ойнауы тиіс, және келесі таратылымға ауыспай, сызбаның мәжбүрлеп жабылуын (бұл қажет болғанда) және сызбадағы висттерді есептеуді жүзеге асыруы тиіс.

Ақтық партия уақыты шектелмеген және әрбір ойыншы сызбада 200 вист жинағанға дейін ойналады.

16. Осы баптың 15 тармағына сәйкес әрбір айналым аяқталғаннан кейін турнир қатысушыларының жинаған рейтингтік ұпайлары есептеледі (осы баптың 12 тармағына сәйкес), ал турнир қатысушылары жинаған рейтингтік ұпай саны бойынша, ең жоғарғы оң рейтингтік ұпай санынан бастап, (осы баптың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып), тізімдерге бөлінеді.

Бірнеше турнир қатысушының рейтингтік ұпай саны тең түскен жағдайда, барлық айналымдарда ең көп вист санын жинаған турнир қатысушысы тізімде жоғарғы орынды иеленеді.

## 17 бап.

### Турнирді өткізу шарттары

1. Турнир екі күн өтеді және жеті айналым мен ақтық партиядан тұрады.
2. Әрбір айналымда турнирдің барлық қатысушысы (осы Ережелердің 16 бабының 4 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) ойнайды.
3. Бірінші айналымды өткізу мақсатында Ұйымкомитет жеребе тастау арқылы кездейсоқ тәсілмен турнир қатысушыларын 3-4 адамнан, турнирдің жеке қатысушыларына преференцияларды орнатпай, топқа бөледі.
4. Бірінші айналым үшін турнир қатысушыларын орындарға отырғызу тәртібі жеребе арқылы анықталады, ал қалған айналымдар мен ақтық ойын үшін – осы тармақтың екінші абзацына сәйкес рейтингтік ұпайлар бойынша анықталады.

Екінші және одан кейінгі айналымдарда, сондай-ақ ақтық партиядан турнир қатысушыларының ойын үстелдеріне отырғызу тәртібін анықтау үшін турнир төрешісі (төрешілері) немесе Ұйымкомитет турнир қатысушыларын, осы Ережелердің 16 бабы 16 тармағына сәйкес құрылған тізімдегі олардың орналасуы тәртібінде, 4-3 адамнан топтарға бөледі.



Ойыншыларды ойын үстеліне отырғызу турнир төрешісінің (төрешілерінің) немесе Ұйымкомитет өкілдерінің оларды атаған тәртіпке сәйкес болуы тиіс.

5. Осы Ережелердің 16 бабы 16 тармағына сәйкес құрылған тізімде алғашқы 4 орынды иеленген турнирдің 4 қатысушысы ақтық партияда ойнайды.
6. Ақтық партия аяқталғаннан кейін:
  - 1) ақтық партия қатысушылары аталмыш партияда жеңіп алған және ұтылған вистерінің саны бойынша, ұтып алынған вистердің жоғарғы санынан бастап, тізімдермен белгіленеді;
  - 2) аталған тізімде бірінші, екінші және үшінші орынды иеленген турнир қатысушылары тиісінше турнирде бірінші ("турнир жеңімпазы"), екінші және үшінші орынды иеленеді.
7. Ұйымкомитет турнир төрешілерін анықтайды. Бұл ретте Ұйымкомитет турнир төрешісі ретінде Биржа атынан қатысқан қатысушыларды анықтауға құқылы.

Турнир қатысушылары ойын үстелінде туындаған кез келген даулы жағдайлар бойынша және қажетті кеңес үшін турнир төрешісіне (төрешілеріне) жүгіне алады.

Турнир төрешісі (төрешілері) ойын үстелінде туындаған даулы жағдайда нәтижені өзінің шешімі бойынша беруге құқылы. Турнир төрешісінің (төрешілерінің) шешімі кесімді болып табылады және оған шағым жасауға болмайды.

Турнир қатысушылары турнир төрешісінің (төрешілерінің) кез келген шешіміне бағынуы тиіс.

Турнирдің кез келген қатысушысы осы Ережелердің 16 бабында белгіленген нормаларды бұзғаны үшін немесе аталған турнир қатысушысының этикаға жатпайтын тәртібі үшін турнир төрешісі (төрешілері) және Ұйымкомитет турнирдің аталмыш қатысушысын турнирге қатысу құқығынан айыруға құқылы.

## 18 бап.

### Турнирдің негізгі конвенциялары

1. Мизерге тапсырыс берудегі висттерді (ойынға тапсырыс берген ойыншыға ойнаған ойны үшін – сызбаға немесе ойналмаған ойын үшін бір висттің жетпегені үшін - "теріс" нәтижеге, вистеген ойыншыға алған вист үшін – вистіге немесе бір висттің жетпегені үшін - "теріс" нәтижеге) қоспағанда, висттер мынадай тәсілмен жазылады:
  - 1) тапсырмалық алтылық ойын кезінде – 8 вист;
  - 2) тапсырмалық жетілік ойын кезінде – 16 вист;
  - 3) тапсырмалық сегіздік ойын кезінде – 24 вист;
  - 4) тапсырмалық тоғыздық ойын кезінде – 32 вист;
  - 5) тапсырмалық ондық ойын кезінде – 40 вист.
2. Ойналған мизер үшін ойыншыға 40 вист "оң" нәтижеге, ойналмаған мизер үшін 40 вист "теріс" нәтижеге жазылады.
3. Сауда кезінде:
  - 1) "секіріп" жүруге жол беріледі;
  - 2) қосымша қартсыз мизер қосымша қарт бар тоғыздық ойынды "жабады";
  - 3) қосымша қартсыз ондық ойын қосымша қарт бар ондық ойынды "жабады";

- 4) сауда аяқталғаннан кейін, бірақ ойынға тапсырыс беру жарияланбай тұрып, мизер жарияланған жағдайды қоспағанда, "үштіксіз және вистсіз" ("теріс" нәтижеге үш висттің жетпегендігін қосып, алайда басқа ойыншылар тарапынан алынған висттерсіз, ойынның ойналуынан бас тартуға болады) шығуға болады.
4. Ойында ашық ойнаған соңғы ойыншы қарттарды жалпы негізде тарады.
5. Таратқан ойыншыға қатысты (егер партияда турнирдің төрт ойыншысы ойнаса):
  - 1) егер қосымша екі қартта саудада жеңген ойыншыға керек емес қарттар болса, таратқан ойыншыға айыппұл жазылмайды;
  - 2) таратқан ойыншыға қосымша екі қарттағы "жақсы" қарт үшін висттер жазылмайды (2 тұз, тұз, бірдей түстегі тұз бен король, марьяж);
  - 3) "ашықтан" ойнағанда таратқан ойыншы висттеушінің орнына ойнауға құқылы;
  - 4) таратқан ойыншыға ойнатушы ойыншының параны толық алмағаны үшін висттер жазылмайды.
6. Вистілеу кезінде:
  - 1) "6 пик" ойынына тапсырыс бергенде міндетті вистілеу жоқ;
  - 2) ондық ойын вистілейді;
  - 3) алтылық ("жартылайвист" екі вистке тең) немесе жетілік ("жартылайвист" бір вистке тең) ойынға тапсырыс берген кезде жартылайвисті алуға рұқсат етіледі; тоғыздық немесе ондық ойында жартылайвисті алуға тыйым салынады;
  - 4) "вист"—"пас"—"жартылайвист" принципі бойынша вистілеуге тыйым салынған ([осы тармақша Биржа Басқармасының 2006 жылдың 30 қазанындағы шешімімен өзгертілді](#));
  - 5) "пас"—"жартылайвист"—"вист" принципі бойынша вистілеуге тек алтылық немесе жетілік ойынға тапсырыс бергенде ғана рұқсат етіледі ([осы тармақша Биржа Басқармасының 2006 жылдың 30 қазанындағы шешімімен өзгертілді](#));
  - 6) егер партияны турнирдің төрт ойыншысы ойнаса және ойын басталған кезде вистеуші екі ойыншы ойыннан бас тартса, онда таратушы ойыншы ойыннан бас тартқан бір ғана ойыншының қарттарына қарап, вистті жариялауы мүмкін;
  - 7) "жлобский" висті: висттер тек висттеген ойыншыларға ғана жазылады;
  - 8) сегіздік, тоғыздық және ондық ойында висттерді алмағаны үшін висттеген екі ойыншының тек екінші ғана жауап береді.
7. Ойын барысында:
  - 1) егер де бірінші болып ойынға тапсырыс берген ойыншы жүрсе, бұл жүріс "жабық" түрде өтеді;
  - 2) бір ғана висттейтін ойыншы болғанда, ол ойын тәсілін жариялайды - "ашық" немесе "жабық" (ойынға тапсырыс берген ойыншының бірінші жүрісінде – бұл жүріске дейін немесе кейін, висттейтін немесе бас тартқан ойыншының бірінші жүрісінде – бұл жүріске дейін); висттейтін немесе бас тартқан ойыншының бірінші жүрісі "жабық" болғанда, бұдан кейінгі жүрістер де тек "жабық" болады;
8. Мизерді жариялау немесе оған тапсырыс берген кезде:

- 1) қосымша қарттар бар жарияланған мизер тоғыздық немесе ондық ойынмен немесе қосымша қарттары жоқ мизермен жабылады;
- 2) қосымша қарттары жоқ жарияланған мизер қосымша қарттары жоқ тоғыздық немесе ондық ойынмен жабылады;
- 3) "кабальный" мизері: мизерді ойнауға ниеттенген ойыншының бұдан бұрын басқа ойындарды жарияламастан бірден жариялануы тиіс;
- 4) "үштіксіз және висттерсіз" мизерді алуға тыйым салынады;
- 5) егер партияны төрт ойыншы ойнаса, мизерді ойнауға ниеттенген ойыншы ойын басталғанға дейін ойынға таратушы ойыншыны, оның басқа ойыншылардың қарттарын көрмеуі шартымен, шақыруы мүмкін; таратушы ойыншы мизерге қатысуға келісімін берген кезде шақырған ойыншы мизерді жариялауы тиіс; тапсырыс берілген мизерде таратушы ойыншының қатысуы кезінде қарттарды ауыстыру және ойынға тапсырыс беруді шақыруы ойыншы жүзеге асырады.

9. Барлық ойыншылардың пас жасауына (распас) қатысты:
  - 1) распас – прогрессияланбайтын, бір вист үшін "теріс" нәтижеге 4 вистен тұрақты жазылады;
  - 2) распастан шығу – ойналған ойын жетілік ойыннан төмен болмауы тиіс; ойналған мизер немесе, екі вистейтін ойыншы пас жасағанда немесе вистеген ойыншы бірде-бір вист алмаған (вистеген ойыншылар алмағанда), ойналған ойын распастан шығарылды деп есетелмейді (*аталмыш пункт Биржа Басқармасының 2006 жылдың 30 қазанындағы шешімімен толықтырылған*);
  - 3) распаста бірде-бір пара алмаған ойыншы (төрт ойыншы қатысқан ойын барысында таратушы ойыншыдан басқа) өз сызбасына 4 вистті жазады;
  - 4) егер партияны турнирдің төрт ойыншысы ойнаса, таратушы ойыншы қосымша қарттармен жасалатын распасқа толыққанды қатысады (распастың екі айналымында);
  - 5) егер партияны турнирдің үш ойыншысы ойнаса, қосымша қарттар тек қарттың белгісін ғана белгілейді.
10. Көмек беруге қатысты:
  - 1) сызбасында ойынды жапқан ойыншы тарапынан сызбасында ең көп висті бар ойыншыға (таратушы ойыншыны есептегенде) көмек көрсетіледі; егер мұндай бірнеше ойыншы болса, онда сызбадағы "теріс" нәтижедегі ең аз висті бар ойыншыға, ал егер осындай да бірнеше ойыншы болса, жақын орналасқанына ("сағат тілі бойынша") көмек көрсетіледі;
  - 2) таратқан ойыншыға көмек жалпы негізде көрсетіледі.
11. Айыппұлға қатысты:
  - 1) өз кезегінде ойнамаған ойыншыға "теріс" нәтижедегі төрт вист жазылады;
  - 2) сауда аяқталғанға дейін қарттарын ашқан ойыншыға соңғы жарияланған ойынның бағасымен айыппұл салынады;
  - 3) ойын қартының "белгісіне" жатпайтын қартпен жүрген ойыншыға (егер оның қолында ойынға қажетті қарты бола тұра, немесе мұндай қарт болмаса, ойыншының қолында көзірлік қарт болғанда) "үштіксіз және висттерсіз" принципі бойынша "теріс" нәтижедегі тапсырыс берілген ойынның үш есе бағасына айыппұл салынады;
  - 4) даулы жағдайларда судьялар өз шешімдері бойынша кез келген ойыншыға айыппұл салады.
12. Осы баптың 11 тармағы 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда, кез келген ойыншының талабы бойынша қарттар осы Ереженің 16 бабы 5 тармағы 8) тармақшасында көрсетілген тәртіпте қайта таратылуы тиіс.
13. Ойын сызбанұсқасын мәжбүрлеп жабу келесі тәртіпте жүзеге асырылады:
  - 1) сызбадағы ойынның "орташа" мәні есептеледі – партиядағы соңғы ойын аяқталғаннан кейін ойыншының жинаған висттерінің сызбадағы орташа арифметикалық мәні;
  - 2) әрбір ойыншы үшін ойынды жабу нәтижесі есептеледі – оның сызбасындағы висттер мен сызбадағы "орташа" мән арасындағы айырмашылығы 10 көбейтіледі;

- 3) ойыншының ұтып алған (ұтылған) висттерінің санын стандартты түрде анықтағанан кейін (ойыншының сызбадағы ойынының жабылғандығына немесе жабылмағандығына қарамастан) оған ойынды жабу нәтижесі қосылады, сөйтіп, аталмыш ойыншының (висттердегі) соңғы жеңісі (жеңілісі) анықталады.

Президент

А.М. Жолдасбеков